**Кукеева Айгерим Аскатовна 6D120100 – «Ветеринариялық медицина» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған «Сиырлардың желінсауларын емдеудің дәстүрлі емес әдістерін құрастыру», тақырыбында орындалған диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің жазбаша пікірі**

| р/н № | Өлшем шарттар | Өлшем шарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу) | Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету) |
|---|---|---|---|
| 1. | Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы | 1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:<br>1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету);<br>2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету);<br>3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді. | Диссертация жұмысы 2016-2022 жж. Қазақстан Республикасы АӨК саласындағы бағдарламалық-мақсатты қаржыландыру тақырыбы бойынша: BR06249242-OT-20 «Ветеринарлық әл-ауқат пен тамақ қауіпсіздігін ғылыми қолдауы». Орындау мерзімі 01.01.2018 - 01.01.2020. Ғылыми жетекшісі в.ғ.к, доцент Д.Т. Рахымжанова. «Сиырлардың жыныс мүшелерінің және сүт бездері ауруларын емдеу мақсатында телімді биологиялық белсенді препараттарын құрастыру» ынталандырылатын тақырыбы мемлекеттік тіркелу нөмері №0118РКИ0594 бойынша орындалды. Ғылыми жетекшісі: д.в.н профессор, Т. Ж. Абдрахманов. Жұмыс орындау мерзімі 12.2018-12.2021 жж. жобасы аясында орындалған. |
| 2. | Ғылым үшін маңыздылығы | Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған. | Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады. Сүт фермаларында ұсталынатын сауын сиырлар арасында желінсау ауруының этиологиясы, оларды диагностикалау және тиісті ем қолданғаны дәйекті сипаттамалармен дәлелденіп, көрнекі түрде баяндалған. Диссертациялық жұмысты орындау барысында желінсау түрлерін ескере келе антимикробты және иммуномодулдеуші препараттарды, организмге ынталандырушы әсерін |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | тигізетін арнайы аппараттарды қолдану тұрғысында ізденістік жұмыстар клиникалық, фармакологиялық зерттеу жұмыстары ұтымды түрде өткізіліп, олар нәтижелерін көрсеткен, ғылыми ізденімдік сипатта тиімді емдеу схемасы құрастырылған. |
| 3. | Өзі жазу принципі | Өзі жазу деңгейі:<br>1) жоғары;<br>2) орташа;<br>3) төмен;<br>4) өзі жазбаған. | Диссертациялық жұмыс жоғары деңгейде, сауатты түрде орындалған. Еңбекті орындап жазу барысында қолданылған ғылыми зерттеу жұмыстары диссертацияны рәсімдеу кезінде дұрыс құрылымдалып, қолданыстағы талаптарға толықтай сәйкес, әрі сауатты түрде сипатталған. |
| 4. | Ішкі бірлік принципі | 4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:<br>1) негізделген;<br>2) ішінара негізделген;<br>3) негізделмеген. | Диссертация өзектілігі дәйекті мағлұматтар келтірілуі түрінде негіздемеленген. Зерттеу барысында атқарылған кешенді жұмыстар барысында клиникалық, зертханалық, биохимиялық, аппаратураларды қолдану түріндегі техника қауіпсіздігі ережелерін ұстану талаптары т.б. негізде жүргізілген, зерттеулер ішінара байлаысты ұстана отырып өткізілген, аурудың этиологиясы, диагностикалануы, олардың негізінде қажетті кешенді ем жүргізілуі сәтті тұжырымдалған. Жоғарыда аталған мағлұматтарды басшылыққа ала отырып, диссертация тақырыбы ветеринариядағы өзекті мәселенің біріне арналғандығын растаймын. |
| | | 4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды:<br>1) айқындайды;<br>2) ішінара айқындайды;<br>3) айқындамайды. | Диссертациялық жұмыстың мазмұны ғылыми еңбектің тақырыбымен толықтай үндеседі, яғни, толықтай айқындайды. |
| | | 4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:<br>1) сәйкес келеді; | Диссертация жұмысының тақырыбы толықтай ашылған, жұмыстың мақсаты айқындалып, оған қол жеткізуге |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | 2) ішінара сәйкес келеді;<br>3) сәйкес келмейді. | керекті міндеттерге сәйкес жұмыс жасалынған. |
| | | 4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан:<br>1) толық байланысқан;<br>2) ішінара байланысқан;<br>3) байланыс жоқ. | Автордың диссертациялық жұмысы мазмұнында белгіленген бөлімдердің барлығы және сәйкесінше жұмыстың құрылымы логикалық тұрғыдан сабақтастырылып толық байланысқан сипатта баяндалған. Диссертациялық жұмыстың бөлімдері өзара үндеседі, бір-бірімен байланыстырылған түрде жазылған, яғни жұмыстың мазмұны жақсы ашылып сипатталған. |
| | | 4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:<br>1) сыни талдау бар;<br>2) талдау ішінара жүргізілген;<br>3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген;<br>4) талдау жоқ. | Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелді мағлұматтар түрінде баяндалып, кесте, график, суреттермен көрнекіленіп ашылған, қолданыста жүрген, шаруашылықта қолданыс тапқан әдістермен салыстырмалы сипатта көрсетіліп келтірілген, сыни талдау жасалып отырған. Атқарылып өткізілген жұмыстардың нәтижелері осы салада еңбек етіп, деректерге ұсынған ғалымдардың зерттеулеріне сүйене отырып, қызу талқыланған. |
| 5. | Ғылыми жаңашылдық принципі | 5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма?<br>1) толығымен жаңа;<br>2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);<br>3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем). | Диссертациялық жұмысты орындау барысында қол жеткізіліп алынған ғылыми нәтижелер, пайымдаулар мен қағидаттар жаңа осы еңбекке тән сипатта мәлімделінген дереккөздер болып табылады. Себептері айқындалып, диагностикаланған желінсау түрлерін емдеу барысында қолданылған ізденістік жұмыстар клиникалық, зертханалық, фармакологиялық ұтымдылық тұрғысынан лайықты бағаланып, тиісті нәтижелер бергенін атағымыз келеді. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | 5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма?<br>1) толығымен жаңа;<br>2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);<br>3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем). | Диссертациялық жұмысты орындау барысында жасалынған қорытындылар жаңа екендігі күмән тудырмайды, яғни атқарылған жұмысқа қатысты толығымен жаңа қорытындылар жасалған. Өндіріс жағдайында өздері тарапынан ұсынылған диагностикумдар мен кешенді ем құрамына енгізілген «Акватон-02» аспабы диссертациялық жұмысты орындау кезінде қол жеткізілген ғылыми нәтижелердің айнымас бөлігі. Бұл препараттар қабынуға, микробқа қарсы, тез жазылуға әсер ететін қасиеті бар болып табылады. |
| | | 5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?<br>1) толығымен жаңа;<br>2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);<br>3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем). | Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген. Зерттеу жұмыстарын орындау барысында жұмыстың мақсат, міндеттеріне сәйкес пайдаланылып, жүзеге асырылған. |
| 6. | Негізгі қорытындылардың негізділігі | Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research (куолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін). | Диссертациялық жұмысты орындау кезінде пайымдалып, жасалынған қорытындылар ғылыми тұрғыдан алғанда дәлелді дәйектемелерге негізделіп қолданылған. Ғылыми еңбек нәтижелерін ашық баспаға шығарылған ғылыми мақаларалардан көрініс тапқан, олардың ішінде нөлдік емес импакт-фактор базасына кіретін Web of Science, Scopus Q2 процентилі 60 (бір) мақала және Q3 процентилі 52 (бір) мақалада баяндалды |
| 7. | Қорғауға шығарылған негізгі ережелер | Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет:<br>7.1 Ереже дәлелденді ме?<br>1) дәлелденді;<br>2) шамамен дәлелденді;<br>3) шамамен дәлелденбеді;<br>4) дәлелденбеді; | 7.1. Ереже дәлелденген.<br>7.2. Тривиалды емес<br>7.3. Жаңа<br>7.4. Қолдану деңгейі кең<br>7.5. Ғылыми зерттеулердің алынған нәтижелерімен дәлелденгенін басылымға |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | 5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.<br>7.2 Тривиалды ма?<br>1) ия;<br>2) жоқ;<br>3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес.<br>7.3 Жаңа ма?<br>1) ия;<br>2) жоқ;<br>3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес.<br>7.4 Қолдану деңгейі:<br>1) тар;<br>2) орташа;<br>3) кең<br>4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес.<br>7.5 Мақалада дәлелденген бе?<br>1) ия;<br>2) жоқ<br>3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес. | шыққан мақалалардан көруге болады |
| 8. | Дәйектілік қағидаты. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі | 8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған:<br>1) ия;<br>2) жоқ. | Ғылыми еңбекті жазу барысында қолданылған әдіснама түрін таңдау дұрыс жүргізілген, яғни негізделген және әдіснама нақты талаптарға сәйкес баяндалынған. |
| | | 8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:<br>1) ия;<br>2) жоқ. | Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану түрінде ғылыми зерттеулердің заманауи әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау тәсілдерін пайдалану түрінде орындалған. |
| | | 8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):<br>1) ия;<br>2) жоқ. | Зерттеу жұмысының қорытындылары нақтыланған, қол жеткізіп алынған нәтижелері дәлелденген. Ғылыми еңбек ауыл шаруашылығы мен нақты ветеринарияның өзекті мәселеге арналған, жаңашылдығы дәлелденген, практикалық мәні бар, толық аяқталған ғылыми жұмыс. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | 8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған. | Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған. Диссертациялық жұмыспен танысу барысында анық көруге болады. |
| | | 8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз. | Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті түрде пайдаланып, зерттеу жұмыстары бойынша отандық және шетелдік әдебиеттер қолданылған |
| 9 | Практикалық құндылық қағидаты | 9.1 Диссертацияның теориялық маңызы:<br>1) бар;<br>2) жоқ. | Диссертацияның теориялық маңызы зор. Сиыр желінсауларының таралуы, олардың этиологиясы, оларды диагностикалау және тиісті емдік шараларды жүргізу және алынған нәтижелерді талдап, нақты қорытындылар мен ұсыныстар беру түрінде құрылымдалған |
| | | 9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:<br>1) ия;<br>2) жоқ. | Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары. Өндіріс жағдайында сиырлардың субклиникалық желінсауын емдеуінің жаңа әдісі *herba Artemísia absínthium, cortex Sálix, herba Chamaemelon, Oleum Hippophae, Pullum stercora* өсімдіктерге негізделген кешенді препараты мен ультрадыбыстық "Акватон-02" аппаратын кешенді гомеопатиялық препараттармен біріктіре отырып қолданылған. |
| | | 9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма?<br>1) толығымен жаңа;<br>2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);<br>3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем). | Практикалық ұсыныстар толығымен жаңа деуге негіз бар, автордың ұсыныстары Ақмола облысының бірқатар шаруашылықтарында қолданылады. |
| 10. | Жазу және ресімдеу сапасы | Академиялық жазу сапасы:<br>1) жоғары;<br>2) орташа; | Академиялық жазу сапасы тұрғысынан ескерту жоқ, жоғары сипатта баяндалған. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | 3) орташадан төмен;<br>4) төмен. | Ғылыми зерттеу жұмыстың мазмұныны диссертациялық жұмыстың құрылымына сәйкес, аталған санаттағы еңбектерге қойылатын талаптарға сай баяндалған. |
| 11. | Диссертацияға ескертулер | | Диссертациялық жұмыста<br>*1. Отандық, яғни Қазақстандық ғалымдардың деректеріне сілтемелер аз келтірілген.*<br>*2. Зерттеу үлгісі деген 1-ші кестеге (45 бет) шаруашылықтардың атауларын көрсеткен жөн болады деп санаймын.*<br>*3. Кейбір қысқартылған сөздер, мысалы, ЭПЛ т.б. қысқартылған сөздер тізіміне енгізілмей қалған, мәселен, ІММІ, КМТ деген қысқартылған сөздерге түсініктеме берілмеген.*<br>*4. 58, 60, 61, 62 әдебиеттер тізіміндегі авторлардың еңбектері қысқаша түрінде жазылған.*<br>*5.7-ші және 10-шы кестелерде (63,67 беттерде) клиникалық желінсаулардың түрлерін 1,2,3 деп реттік нөмермен көрсету керек.*<br>*6.МДТ тест басқа тестпен салыстырмалы кезде, яғни ЛМТ-мастит тесті, СМТ-соматикалық тестпен жоғары сезімталдығын көрсетті (71 бет). Осы туралы толық ақпарат берілгені жөн.*<br>*7. Сіздер ұсынылып отырған гомеопатикалық препараттың емдік қасиеті және әсерінің механизмін толық жазылғаны жөн.* |
| 12. | Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация | | Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша талаптарға сай жазылған. Барлығы 12 ғылыми мақала ғылыми жұмыстың жоғарғы деңгейін көрсетіп айқындайды. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді) | | Scopus базасына кіретін, импакт- факторы нөлден жоғары 2 (екі) мақала баяндалған. |
| 13. | Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес) | | Кукеева Айгерим Аскатовнаның «Сиырлардың желінсауларын емдеудің дәстүрлі емес әдістерін құрастыру» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы ҚР ҒжБМ Ғылым және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің талаптарына сәйкес орындалған, толық аяқталған жұмыс және «Дәрежелер беру» қағидаларының 2-тармағында көрсетілген диссертациялық талаптарына толық сәйкес келеді деп есептеймін және 6D120100 «Ветеринариялық медицина» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беру туралы шешімімді ұсынамын. |

**Ресми рецензент:**

Ветеринария ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰАҒА және ҚазҰЖА академигі, «Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті» «Клиникалық пәндер» кафедросының профессоры М. Н.Джуланов

Ветеринария ғылымдарының докторы, профессор, Академик М.Н.Джулановтың қолын растаймын ҚазҰАЗУ Бас Ғылыми хатшы, экономика ғылымдарының докторы, академик У.К.Керимова

«17» 06 2025 жыл